

«Бекітемін»

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ

«Қалалық перинаталдық
орталық» МКК бас дәрігерінің м. а.

Г. Сыздыкова

2023 жылғы «10» шілде

ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық» МКК комплаенс-офицерінің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық» МКК (бұдан әрі - кәсіпорын) комплаенс-офицерінің осы лауазымдық нұсқаулығы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң). 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Осы лауазымдық нұсқаулық Кәсіпорындағы комплаенс-офицердің мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

Комплаенс офицері кәсіпорынның Бақылау кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Комплаенс-офицер өз өкілеттігін атқарушы органға, кәсіпорынның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, кәсіпорынның Бақылау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Кәсіпорынның Компаенс-офицері өз жұмысында басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңымен;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен;
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексімен;
- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексімен;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен;
- Осы лауазымдық нұсқаулықпен.

2. Компаенс-офицердің лауазымдық, функционалдық міндеттері

1. Компаенс-офицер өз қызметі шеңберінде:

1) кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптарын сақтайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

3) құзыреті шегіндегі мәселелерді Байқау кеңесінің (ол болған кезде), квазимемлекеттік сектор субъектісінің Директорлар кеңесінің, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысының немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

4) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

6) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

7) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде егер онда дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзылуы немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына жеткізеді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері жол бермеу қажет:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысу;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін іс-шараларға қатысу;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалану;

4) іскерлік этика нормаларын бұзу;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және Қызметтерді пайдалану;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысу.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылығына:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Қызметі, Әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Үлгілік ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған квазимемлекеттік сектор субъектісінің Директорлар кеңесіне, байқаушы Кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына кезең-кезеңімен есеп береді.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

4. Комплаенс-офицердің құқығы бар:

- Бақылау кеңесінен, кәсіпорын басшылығынан қызметке сәйкес қызметтік өкілеттіктердің міндеттері мен көлемін нақты айқындауды талап ету;

- Кәсіпорын есебінен оның келісімімен немесе оның ұсынысы бойынша білім алу, оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі өз қызметіне сәйкес біліктілігін арттыру;

- Кәсіпорын басшылығынан өз қызметіне сәйкес атқаратын лауазымына, саласына қарамастан орталық қызметкерлерін тағайындау, босату және көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу кезінде кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидалары мен талаптарын орындауды талап ету;

- Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында қызметкерлерден, кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінен, олар атқаратын лауазымына, саласына қарамастан, қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға және алуға;

- Өз қызметіне сәйкес алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында заң шеңберінде барлық шараларды қабылдау.

Комплаенс-офицер таныстырылды

